Республикалық бірыңғай «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына салтанатты түрде қабылдау мен жаңа бөлімбасылары және ұланбасын ұлықтау салтанатты жиыны өткізілді. «Жас Ұлан» ұйымының негізгі мақсаты - оқушылардың қоғамдық, әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ал міндеттері - әлеуметтік тәжірибені байыту және дамыту, мектептегі тәрбиелік әлеуетін жүзеге асыру болып табылады. Қатысқан оқушы саны-120. Сәуір айының 11-15-жұлдызы аралығын қамтыған балалар жылына орай. «Бақытты бала-болашақ кепілі» атты аудан көлемінде 8-9-оқушылары арасында өткен аудандық пікірсайыс турнирі өтті. Турнирдің мақсаты: өскелең ұрпақтың қазақстандық патриотизмі мен азаматтылығын қалыптастыру; оқушылардың бойында жауапкершілік, туған өлке мен елдің мәселелерін талқылауға және шешуге қатыстылық сезімін тәрбиелеу; облыстағы пікірсайыс қозғалысын дамыту, насихаттау және қолдау. 11-15 сәуір аралығы Балқаш ауданы бойынша 22-мектеп арасынан дебат клуб мүшелігіндегі оқушылардан мықты шалымдылар іріктеліп, арнайы әр мектепте мектеп Педагог-ұйымдастырушылары, Дебат клубтарының жетекшілерімен бірлескен апталық пысықтау өткен болатын. Нәтижесінде жұмыстар оң шешімін тауып, аудандық әдіскерлер, педагог-ұйымдастырушылар, мен әр мектептердегі дебат клубтарын басқарып отырған жетекшілерінің ақылдасуымен №1 Жамбыл атындағы орта мектебінің мәжіліс залында балалар жылына орай «Бақытты бала - болашақ кепілі» атты аудандық турнир өтті. Турнирдің барлық кезеңдері Америкалық парламенттік формат (АПФ) бойынша өткізілді. Турнир екі айналымда өткізілді. Бірінші айналым – іріктеу раундтары. Екінші айналым – негізгі ойындар, жартылай финал және финал. Іріктеу ойындары 3 раундтан құралды. Әр раундқа бір қарар берілді. Іріктеу ойындарында қарсылас командалар жеребе бойынша іріктелді. Ширек Финалда командаларға бір қарар беріліп отырды. Ширек финалға әр тіл тобы бойынша іріктеу кезеңінің жеңімпаздары шықты. Ұшқыр ой алаңында белсенділік танытқан аудан оқушылары Аудандық білім бөлімінің алғыс хаттары мен жүлделі I,II,III-дәрежелі дипломдарымен марапатталып өтті. Бұл сайысқа мектебімізден 8 «а» оқушысы Қожахан Сабина жетекшісі Танкибаева Жұлдыз, 8 «ә» Байсуан Жанерке жетекшісі Саулауова Айназия. Осы аталған оқушылар 11-14 сәуір аралығында өткен мектепішілік дебат клуб мүшелігінің арасынан пысықтауда топ жарып, аудандыққа қатысқан болатын. Аудан көлемінде өткен турнирде 22-мектеп дебаттарының арасынан жүлделі II орынды иеленді. Мектебіміздің Дебат клуб жетекшісі дайындаған осы оқушылар өз білімдерін ортаға салып, пікірсайысшылар арасынан көпшілік алдында нағыз сөз шеберлері екендерін байқатты. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты 07-қыркүйек дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыттарын негізге ала отырып, ұйымдастырылған жалпы республикалық денсаулық күніне орай, «Денсаулық фестивалі-2021» атты мектепішілік онлайн апталық іс-шарасы өткізілді. Мақсаты: Өскелең ұрпақтың денсаулық принциптерін, салауатты өмір салты негіздерін меңгеруге жағдай жасау, жас ұрпақтың өмірге деген құштарлығын арттыру. Салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дәріптеу. Мұғалімдер арасында спорттық шеберлікті жетілдіру, тәжірибе алмасу және достық қатынастарды орнату. Мұғалімдердің бос уақытын ұйымдастыру, моральды-эстетикалық дамуына ықпал ету, мұғалімдер арасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. Арнайы комиссияның шешімдері бойынша 1-орын «Жалын» Шыңғыс командасы, 2-орын «Достық» Нүрсейіт командасы, 3-орын «Жігер» Дархан командасы марапатталып өтті. Сайыс командалар арасынан қызықты да тартысты өтті. 5-8 оқушылары арасынан «Салауатты өмірді қолдаймыз!» тақырыбында плакаттар байқауы өтіп, мектебіміздің III қабатына ілінді. 2022-2023 оқу жылы Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие беру бағытын негізге ала отырып ұйымдастырылған 1-қыркүйек Жалпы республикалық білім күніне орай, «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» атты салтанатты жиын өткізілді. Мақсаты: Білім алушылармен бірге ұмтылу,отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау. 1-қыркүйек Жалпы республикалық Білім күніне орай «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында 1-11 сынып оқушыларына сынып сағаттары өткізілді.Негізгі мақсаты оқушыларды Отанын, елін, жерін құрметтеп сүюге тәрбиелеу. Елбасы Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» тақырыбындағы Қазақстан халқына жолдауын

талдау мақсатында онлайн өткізіліп, жолдау мазмұнына мектеп ұжымы өз ойларын ортаға салды. Қазан айының 12-ші жұлдызында 10-11 сынып оқушылары арасынан «Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие беру» бағытын негізге ала отырып, ұйымдастырылған «Жас Сарбаз-2022» атты әскери патриоттық, спорттық сайыс өтті. Бұл әскери сайыс мектеп алғашқы әскери пән мұғалімі Толықбаев Данияр Дәулетұлы дене тәрбиесі бірлестігімен бірлесе отырып, 25 қазан Республика күніне тарту ретінде мектепшілік іс-шаралар жоспарына бекітілді. Жоғарғы сынып оқушыларынан құралған 6- команда жарыста әскери спорттың 6-түрінен сайысқа түсті. Қатысқан оқушы саны- 35. 25-қазан Республика күнін атап өткізу қайтадан қолға алынды. «Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан қазанның 25-і күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек», - деді Президент. Мемлекет басшысы Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек екенін айтты. Соған орай мектебімізде оқушылардан «Атамекен» тақырыбында жалпы республикалық патриоттық диктант алынды. Сонымен қатар «Патриотизм дауысы» тақырыбында 1-11 сынып оқушылары мен саланатты жиын өтіп, мектеп алаңында Мемлекеттік ән ұранымызды бір асқақтатып өтті. Сондай –ақ, Республика күніне орай өткен мектепшілік іс-шарада мектебіміздің үздік 45 оқушысы, қоғамдық жұмыстарға, мектеп өміріндегі шараларға белсене қатысқаны үшін мадақтама қағаздарымен марапатталды. 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне орай, Тарих бірлестігі мен Оқушылардың мектеп Парламенті «Өзін-өзі басқару» ұйымымен бірлесе отырып ұйымдастырылған «Тәуелсіздік-елімнің ерлік жолы!» атты апталық іс-шаралар жоспары құрылды. Тарих бірлестігі атынан апталықтың ашылу салтанаты өтіп, жетекшілер тарапынан бір қатар тәрбиелік сағаттар ұйымдастырылды. Мектебіміздің III қабат тақтайшасына оқушылардың қабырға газеттері ілініп, Парламенттің Президенті, Фракция көшбасшылары мен «Жас Ұлан» Президенті және министрлері мағыналы бейнероликтер түсірді. Тарих пән мұғалімдері: Алин Асқар Жауқашұлының жетекшілігімен «Ашаршылық жылдары» тақырыбында көріністер бой алып, Абденбаев Болат Шайсұлтанұлының жетекшілігімен «Қазақ Хандығы» тақырыбында Жәнібек пен Керей сұлтандардың Моғолстан тұңғыш Қазақ Хандығын құру жолындағы саяси еңбектерін көрермен алдында ұйымның Бөлімбасылары мен Топ Сардарларының сахналандырылған тамаша қойылымдары оқушылар қолдауына ие болды. Айтулы мерекеге оқушылар құрметпен қарап, желтоқсан оқиғасындағы басты кейіпкерлердің шынайы жан айқайын көпшілік алдында тамаша сомдап мектеп оқушыларының көзайымына айналды. Мерекеге орай бірінші жарты жылдық бойынша оқушылар ұйымының ауқымды жиыны өтті. Мереке қарсаңында желтоқсан оқиғасының шын куәгерлері мектебіміздің Ұлағатты ұстаздар Жапарова Гүлназ, Дүйсебаева Рысжан ұйым оқушыларымен «Сыр сұхбат» кездесуі өтті. Ауған соғысы Кеңес Одағы кезіндегі қайғылы тарихи оқиғалардың бірі. Биыл ақпанның 15-і күні Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен толықтай шыққанына 34 жыл толуына орай 10-11-сынып оқушылары арасынан және ауған соғысы ардагерлерінің қатысуымен өткен кездесу өтті. Кездесуге өмірінің өлшеулі бір бөлігін, жалындаған жастық шағының жартысын оқ пен от арасында өткізіп, елге аман-сау оралып, туған жерімен қауышқан интернационалист-жауынгерлер, атап айтқанда Қусаинов Нұрқат Тезекбаевич, Майстер Вячеслав Васильевич, Тұздыбаев Асылбек Балқашұлы, Адамов Қыдырқожа Берікқожаұлы сынды ардагерлеріміз және аулымыздың қоғамдық кеңестің төрағасы-Үркімбаев Сыдық Тілеубергенұлы қатысты. Кеш шымылдығын өскелең ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбие берудің ерекше үлгісін көрсетіп жүрген АӘТД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы-Толықбаев Данияр Дәулетұлы өзінің қанатты сөздерге толы салтанатымен ашты. Рухани-адамгершілік тәрбие бағытын негізге ала отырып ұйымдастырылатын «Қазақстан халқы тілдері күні» мерекесіне орай, қазақтың тіл білімінің атасы, ақын, әдебиеттанушы ғалым, түріктанушы публицист, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына- 150 жыл толуына орай қазақ тілі мен шет тіл бірлестігі тіл апталығы өткізілді. «Тіл татулық тірегі» тақырыбында тіл мамандары жүйелі тапсырмаларын өткізді. 1-11 сынып жетекшілері «Тілдің мерейі-елдің мерейі» атты сынып сағаттарын өткізді. 07-қыркүйек қазақ тілі

мен әдебиеті пән мұғалімі Көсенбаева Гүлзаттың ұйымдастыруымен 5-6 сынып оқушылары арасынан көркем сөз оқу шеберлерінің сайысын өткізді. «Тіл мәртебесі-ел мерейі» атты тақырыпта 5-8 сынып оқушылар арасынан эссе жұмыстары жазылып, фото-коллаждар арқылы желіге жолданды. Үшінші қабат тақтайшасына А.Байтұрсынұлының қанатты сөздеріне толы оқушылардың мағыналы қабырға газеттері ілінді. Сондай-ақ 5-8 орыс сыныбымен Манжигулова Алпеш 4 кезеңнен тұратын «Сен қазақ тілін білесің бе?» атты тақырыбында викториналық сайыс өткізді. Көсенбаева Г, Түстікбаева Г апайлар 8 сынып оқушылары арасынан «Қызық екен» интеллектуалдық сайыс өткізді. Ұстаздар мерекесіне орай 9-11 сынып оқушылары арасынан өзін-өзі басқару күні өткізілді. Дублер күнінің мақсаты: Оқушыларды өзін-өзі басқаруға бейімдеу, білімге деген құштарлығын арттыру және өзара ауызбіршілігін сақтау, бірігіп жұмыс істуге баулу, жауапкершілігін ұлғайта түсу. Әр бір оқушының жан-жақты болып, ізденуіне қолдау көрсету. Барша Ұлағатты ұстаздарға құрмет көрсетіп, жас буынның өз алдына тұлға болып қалыптасуына барынша ықпал жасау. Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру. 12-қаңтар Аса көрнекті қоғам қайраткері, бір туар тұлға Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың 111 жылдығына арналған апталықтың ашылу рәсімі өтті. Ашылуында: 8-бағыт бойынша фракция көшбасшылары ұлы тұлғаға тағзым етіп, қанатты сөздерге толы мектеп әлеуметтік желісіне бейнежазбаларын жолдады. Мектеп кітапханашысы: Өнербекова С.Б, Нақысбаева С.Н. Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестік жетекшісі-Сауранбаева Зада Алтайқызы және оқушылар ұйымының атсалысуымен әуезді әдеби кеш өтті. Оқушылар көрмелермен танысып, сахналандырылған тамаша қойылымдардың күәсі болды. 9-ақпан Қазақ поэзиясының ақиық ақыны, әдебиет патшалығының ғажайып ханзадасы һәм бірегей сардары ретінде салтанат құрған Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай өткізілген «Қара өлеңнің Хантәңірі» атты айлығында атқарылған жұмыстар жайлы. Ақпанның алғашқы күнінен бастап-ақ мектебімізде ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күнін тойлау айлығы ресми түрде жүзеге асты. Қазақ тілі және әдебиеті пән бірлестігінің жетекшілігімен барлық сыныптар арасынан ақынды еске алу кештері, поэзия кештері, мүшайралар өтті. Сондай кештердің бірі Сауранбаеваның ұйымдастыруымен сахналандырылған қойылымдар мен махаббат лирикасына толы әуезді тамаша кештер болатын. Бірлестік мүшелері мен оқушылар ақын өлеңдерін жатқа оқып, баяндамалар жасады. Ашық сабақтар өткізілді. Оқушылардың барлығы өткізілген шаралардан өте үлкен әсер алып, рухани байыды. 9-17 ақпан аралығын қамтыған айлық іс-шаралар негізінде Мұқағали Мақатаевтың «Есіңе мені алғайсың» атты ақын өлеңдерін мәнерлеп оқудан 5,6,7,8-сынып сөз шеберлері арасынан байқау өтті. Қазақ тілі және әдебиеті пән бірлестігінің жетекшілігімен барлық сыныптар арасынан ақынды еске алу кештері, поэзия кештері, мүшайралар өтті. Сондай кештердің бірі Сауранбаеваның ұйымдастыруымен сахналандырылған қойылымдар мен махаббат лирикасына толы әуезді тамаша кештер болатын. Бірлестік мүшелері мен оқушылар ақын өлеңдерін жатқа оқып, баяндамалар жасады. Ашық сабақтар өткізілді. Оқушылардың барлығы өткізілген шаралардан өте үлкен әсер алып, рухани байыды. 9-17 ақпан аралығын қамтыған айлық іс-шаралар негізінде Мұқағали Мақатаевтың «Есіңе мені алғайсың» атты ақын өлеңдерін мәнерлеп оқудан 5,6,7,8-сынып сөз шеберлері арасынан байқау өтті. Ұлттық тәрбие. Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу. 1 наурыз алғыс айту күніне арналған «Алғыс айту – парызым!» атты апталық жұмыстар жайлы. Оқушылардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Ризашылық, рахмет, алғыс туралы түсінік беру. Үлкен — кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым — қатынасын дамыту, әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу. Осы орайда мектебімізде «1 наурыз Алғыс айту» күнін кең көлемде атап өтті. Мектеп психологтары бастаған оқушылармен мектептің тазалығына жауапты кіші қызметкерлерге атқарып жатқан еңбектері үшін алғыс білдіріп, жақсы психологиялық ерекше көңіл-күй сыйлады. Сондай-ақ сынып жетекшілер ашық сынып сағаттарын өткізді. Дене тәрбиесі мұғалімі-Мурзаева Мира апайдың ұйымдастыруымен бастауыш оқушылары арасында «Көңілді эстафета» ойындары балаларды ерекше шаттыққа бөледі. Көңілді спорттың

түрлеріне толы бұл шарада қадағалаймын деп келген жетекшілердің де көңілі шара барысында шаттыққа толы екендігін байқатты. Шара қызықты әрі тартысты өтті. Шара соңында ұйымдастырушылар атсалысушы командаларға ырзашылық білдіріп, дәрежелі дипломдармен марапаттады. Іс-шара барысында сыныптарда «Алғыс айту парызым» тақырыбында тәрбие сағаттары, бастауыш сынып оқушылары арасында «Ата-анам-алтын тұғырым» атты бұлдіршіндер ата-аналарына қоңырау шалып, ыстық ықыласын білдірсе, дәліздер де оқушылардың ұстаздарға арналған безендірулері мен алғыстары ілінді, «Ұстазыма рахмет!» тақырыбында саптық жиын өткізіліп, онда оқушылар мен мектеп ұстаздары және қызметкерлеріне, оқушыларына деген ыстық ықылас, алғыстарын жеткізіп сәлемдемелерін жолдады, жоғары сыныптардан «Мен алғыс айтамын!» тақырыбында насихат тобы құрылып, мектебіміздің басшыларына, ұстаздарына зор алғыстарын жеткізді. 8 наурыз Халықаралық-арулар мерекесіне орай Мектеп Парламенттерімен ұйымдастырылған «Көңілді дәліз» ұстаздар көңілін бір көтеріп тастады. Мектеп мәжіліс залында «Қыздар, қыздар, сұлу қыздар» атты 9-11 оқушылары арасынан мектеп ұл балалардың қыздарға арнап ұйымдастырған тақырыптық салтанатты кеші өтті. Кешті Оқушылардың Мектеп Парламенті «Өзін-өзі басқару» ұйымы Құқық және тәртіп фракциясының көшбасшысы-Кешубаев Диас Қайратұлы жоғары деңгейде ұйымдастырып, алғы сөз барысында бастамашыл бұл көшбасшы жұмысына қыздар қауымы ыстық ықыластарын білдірді. Әр жылдан жақсылық пен жаңалық күтетін мектеп ұжымы биылғы Наурызды да ерекше қарсы алды. Мәселен, мектебіміздегі Наурыз мерекесі өзгеше айшықпен аталып өтті. Ұлыстың ұлы күні бұл білім ордасында ақшаңқан киізге қапталған тамаша көрмелер, ұлттық салт-дәстүрімізге байланысты салт-жорал-ғылар жасалды. Мәселен, Оқушылардың Мектеп Парламентінің Жәнібек пен Керей сұлтандардың Ұлы Моғолстанды құру жолындағы сахналандырылған «Қазақ хандығы» қойылымдары т,б көріністер бой көтеріп, олардың әрқайсысында бата беру, күй шерту секілді қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері жан-жақты насихатталды. Ал мерекелік концерт аясында өнерлі жастар мың бұрала билеп, ән мен күйден, жырдан шашу шашты. «Наурыз-Ұлыстың ұлы күні» тақырыбында өткен мәдени шара соңында оған атсалысқан барлық өнер ұжымы мен оқушылар ерекше көңіл-күймен тарқасты. Мектептегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру болып табылады: неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана құдыреті; сүйіспеншілік, адалдық, достық – құндылық сезімдері. 14-21қыркүйек аралығы Қазақстанда Отбасы күнін мерекелеу шеңберінде Отбасы тәрбиесін негізге ала отырып ұйымдастырылған «Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына» атты апталықтың іс-шара жоспары жасалып, жүзеге асырылды. Жоспарға сай отбасы күніне 3 а сынып оқушылары отбасы туралы салған өз жұмыстарымен таныстырып, жанұя туралы жақсы пікірлерін қанатты сөздер арқылы қалыптастыра білді. ата-аналарымен бірлесіп Шебер қол жұмыстарын танытты. 8б,а-сыныптар арасында «Тәрбиенің мекені-отбасы» атты ашық сабақ өтті. Отбасы күніне орай өткен апталыққа 3 «б» сынып оқушылары және ата-аналары бірлесіп, «Үш тік одақ» ұйымы аясында белсенділік танытып атсалысты. «Отбасы құндылығы сарқылмас қазына» Қазақ отбасындағы бала тәрбиесін ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесі деп жеке-жеке мән беріп қарастыруда. «Отбасым менің байлығым», «Менің отбасым» тақырыбында байқаулар ұйымдастырып, презентация, бейнероликтер дайындады. Отбасында махаббат пен ықылас жарасым тапқанда ғана отбасы рухы асқақтап биіктерден көрінеді. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылардың бойында еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; жаһандық экологиялық сана-сезім; экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыруға көмектеседі. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие беру бағытының негізінде «Оқушы формасы-мектеп айнасы» атты мектепшілік 1-11 сыныптар арасында оқушы формасын талапқа сай тексеру мектептің ішкі тәртібін қалыптастыру мақсатында мектеп

әкімшілігінен құралған топ сыныптарды аралап, оқушылардың формасы, құрал-жабдықтары тексеріліп, кеткен кемшіліктер назарға алынып, ескертулер жасалды. Сәуір айында обылыстық «Үздік тәрбие сағаты» байқауында, бастауыш сынып мұғалімі Орынбаева Айгерім жүлделі 2 ші орынға ие болды. Мамыр айында Облыстық «Сардар» әскери –патриоттық байқауда мектебіміздің 11 сынып оқушысы Кешубаев Диас 2 ші орын алды. Мамыр айының 13 жұлдызында «Тоғыз айға 9 іс –шара» аясында «Жасыл мекен» челленджі өтті. Челлендж мектебіміздің жоғарғы сынып оқушылары мен педагогтері арасында жүргізілді. «Жасыл мекен» челленджі көктемде көшет отырғызу арқылы қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауды дәріптеумен қатар еңбекқорлыққа баулу, айналаны көгалдандыруға, абаттандыруға бастама болып табылады. «Жасыл мекен» челленджі білім алушылардың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, табиғат пен қоршаған ортаны құрметтеуге адамдарға деген қамқорлық сезімін дамытуға бағытталған. Мақсаты: білім алушылардың экологиялық білі алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және еңбекқорлыққа баулу. Войцеховская З. жетекшілігімен «Жақсылық жаса!» ұйымы ауылдың табиғатын, көгалдандыру жұмыстарын жандандыру мақсатында жоспарлы түрде жұмыстарын жүргізді. Ұйымда 24 оқушы бар. Жоспары, оқушылардың тізімі бекітілген. Оқушылардың арнайы үлгідегі киімдері де бар. Қамқорлық акцияларына да белсене атсалысады. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғам мен сезімді; халықтардың ұлттық мәдениеттерінің құндылықтарына көркемдік-эстетикалық бейімділікті қалыптастыруға көмектеседі. 27-қазан көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағытын негізге ала отырып, ұйымдастырылған «Арайлы алын-күз!» тақырыбында мектепшілік іс-шара өткізілді. Мақсатымыз оқушыларға күз молшылық мезгілі, сол арқылы еңбектің, молшылықтың қадірін түсіндіру. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың рухани дамуына әсер ету. 27-29 желтоқсан аралығын қамтыған Жаңа жыл мерекесіне арналған «Жасыл шырша жанындағы оқиға» атты апталық іс-шара бекітілді. Жаңа жыл –барша адамдардың тағатсыздана күтетін таңғажайып қызыққа, қуанышқа, сиқырға толы мерекесі өтті. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі. Қаңтар айының 31 жұлдызы «Ұлттық пікір сайыс» аясында «Ризашылық- мейірімділік бұлағы» атты зияткерлік пікір сайыс турнирі өтті. Осы орайда соңғы екі жылда ауданымыздың мектептерінде дебат қозғалысы қарқынды дамуда. Соның бір дәлелі мектебімізде Абденбаев Болат Шайсұлтанұлы жетекшілік етіп отырған «Фидбэк» атты Дебат клубы еді. Бұл жетекшінің жоғары ілімінің арқасында шәкірттеріміз аймақтық, аудандық турнирлерді бағындырып, бүгінгі таңда дебат клубының Бөлімбасы-Қожахан Сабина Қайратқызы, белсенді мүшелері; Бақтыбай Сымбат, Аңсат Абылайхан сынды шәкірттеріміз облыстық додаларда өнер көрсетуде. Жуырда ҚР Білім және ғылым министрлігі «Ұшқыр ой алаңы» аталатын оқушылардың тұңғыш республикалық дебат турнирін ұйымдастырды. 2023 жылғы 31 қаңтар күні Қарасай ауданына қарасты Үшқоңыр орта мектеп-гимназиясы базасында жалпы білім беру мекемелерінің оқушылары арасында «Ризашылық-мейірімділік бұлағы» атты жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы аясында облыстық «Ұлттық пікір сайыс» турнирі өтті Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты 07- қыркүйек жалпы республикалық денсаулық күніне орай «Денсаулық фестивалі-2022» атты мектепшілік іс-шара атқарылды. «Белсенді қозғалыс және ептілік» атты дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің арасынан спорттық іс-шаралар, бірнеше спорттың түрлерінен яғни ұлттық және бұқаралық спорт түрлерінен өз дәрежесінде атқарылды. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері: Алимжанов Н.Т. Мурзаева М.О. Сапарғазин Ш.Н. Зауытбек А.Т. Болатхан А. Бәрібай Е.М сияқты бір қатар ер азаматтардың жетекшілігімен 4-сынып оқушылары арасынан «Қызықты эстафета» атты спорттың 6-түрінен сайыс өтті. Сайысқа. 4 «а» «Болашақ» командасы жетекшілері-Дүйсенбекова К.Д. 4 «ә» оқушылары «Қыран» тобы жетекшілері-Сатова М.Т. 4 «б» оқушылары «Звездочки» командасы жетекшілері-Исаева О.А. сынды командаларды спорт ережесіне сай жетекшілердің дайындауымен әр команда атауы, ұраны, бір келкі формасына да қазылар тарапынан жоғары бағаланды. Ойыншылар сайыстың мына ережесі арқылы бағаланды: Команда атауы, Ұраны, Формасы, Таныстыру, «Мергендер сайысы», «Секіртпе жіп», «Ұлттық ойын Асық ату», «Теңге ілу», «Арқан тарту» сияқты спорттың жаңаша түрлері ойын барысында

командаларды қызықтыра түсті. Ойын соңында әділқазы алқаларының шешімімен 4 «б» «Звездочки» командасы III дәрежелі диплом, 4 «а» «Болашақ» командасы II дәрежелі диплом, 4 «ә» оқушыларынан құралған «Қыран» командасы сайыста белсенділік танытып, I дәрежелі диплом салтанатты түрде табыс етілді. Сондай-ақ команда Топ басшылары номинациялармен арнайы марапатталды. Осы оқу жылында сынып жетекшілердің онкүндік жоспары құрылып, 4 кезеңге бөлінген болатын. 1-онкүндік 10-21.10 аралығында өткізілді. Жауапкершілік танытып, іс-шараларды өз деңгейінде өткізген сынып жетекшілерді атап кетуге болады. Олар: Қуанбекова А, Онербекова А, Аширова А, Адекенова А. Бақбақты ауылдық аурухана қызметкерлері, мектеп медбикесі, мектеп психологтары "Ерте жүктіліктің алдын алу" және -"СПИД ауруларының алдын алу" тақырыптарында 7-11сынып оқушыларымен (90 оқушы) кездесу өтті. Бейнероликтер көрсетіліп, оқушылардың сұрақтарына жауаптар беріп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Аудандық ұйымдастырылған іс шараларда мектебіміз жүлделі орындарға ие болды. Атап айтар болсақ: 1.10- қазанда аудан орталығында өткен «Тарихым менің шежірем» атты аудандық байқаудан 7 «А» сынып оқушысы Төкен Мейіржан жүлделі 3 орын иегері атанды жетекшісі Алимжанова Ботакөз 2. 12- қазан күні «Ең үздік медиатор мектебі» атты аудандық байқауға 9 «Б» сынып оқушысы Мейірхан Алдияр қатысып, 3 орынмен марапатталды. Жетекшісі Даукенова Ф. 3. 17-қазан күні мектептің «Үздік ата-аналар комитеті»/қамқоршылық кеңес-2022» байқауына мектебіміздің қамқоршылық кеңес төрайымы Шин Инесса, ата-аналар комитетінің мүшесі Закарин Гульшат екі ата-анамызда 3 орын иегерлері атанды. 4. 09-қараша күні Қонаев қаласында «Кемел келешектің жас көшбасшылары» атты оқушылардың Мектеп Парламенттері «Өзін-өзі басқару» ұйымдарының көшбасшылары арасынан облыстық ашық алаң өтті. Мектебімізден 10 «Ә» сынып оқушысы Саят Анель қатысып қайтты. 5. 10-қараша күні Ә.Ахметов мектебінде "Сынып жетекшісі – тәрбие жүйесінің негізгі ұйытқысы" тақырыбында өткен аудандық семинар-кеңеске сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі және 7ә сынып жетекшісі Кашкынбаева Нұргүль Тургановна «Online мектеп платформасында сынып жетекшінің функциялары» тақырыбында шебер сынып жұмысын қорғап әріптестерімен тәжірибесімен бөлісті. Нәтижесінде аудандық білім бөлімінің Дипломымен марапатталды. 17- ақпан күні Береке орта мектебінде "Ата-аналармен ынтымақтастықты ұйымдастыру жолдары» тақырыбында өткен аудандық семинар-кеңеске 9ә сынып жетекшісі Сайлауова Айназия Омиралиева «Мектеп, оқушы, ата-ана ынтымақтастығын арттыру» тақырыбында шебер сынып жұмысын қорғап әріптестерімен тәжірибесімен бөлісті. Нәтижесінде аудандық білім бөлімінің Дипломымен марапатталды. 21- ақпан күні «Балқаш ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ақдала орта мектебі базасында жол қауіпсіздік негіздерін насихаттау мақсатында «Бала және бағдаршам» жобасы аясында өткізілген жарысқа қатысып, 7 «Ә» сынып оқушысы Жақсыбекұлы Ерناзар жүлделі 3 орын иегері атанды жетекшісі Қашкынбаева Нұргүл. Сәуір айының 12-ші жұлдызында Аудандық жылдың үздік сынып жетекшісі байқауы өтті. Мектебіміздің 11 «Ә» сынып жетекшісі Надирбекова Эльмира Надирбекқызы жүлделі 2-ші орынға ие болды. «Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 22.05.2023 №453 хатын басшылыққа ала отырып 1-11 сыныптарда оқу жылын қорытындылау және жазғы демалыс кезеңіне балаларды әзірлеу мақсатында, мектепте бекітілген кестеге сәйкес сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: Патриотизм,Отанды сүю, достық, татулық, ел тарихына, саяси репрессия мен аштық құрбандарының есімдеріне құрмет таныту. Оқу жылының қорытындысын шығру, жазғы демалыс кезеңіне балаларды әзірлеу. 1-4 сыныптар арасында тақырыптар: Отан отбасынан басталады, Кітап-сарқылмас бұлақ, Татулық-достық кілті 5-8 сынып арасында: Отбасы –Отан тірегі, Тарихты білу парызың, Ұлы тұлғалар ұмытылмайды. 9-11 сыныптар арасында: Отбасы-тәрбие бесігі, Алаш зиялылары,Патриотизм-ұлттық рухтың асқақ белгісі.Сынып сағаттарында жетекшілер ел тарихын, саяси репрессия мен қуғын-сүргін құрбандарының есімдеріне құрмет таныту сынды ақпараттар айтылды. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында әр жыл сайын жылдық, айлық іс-шара жоспары жасалынып бекітілді. Жоспар бойынша ай сайын және айлық жоспар бойынша түрлі әдістер мен іс-шаралар өткізілді. Олар дөңгелек үстел, пікірталас, тәрбие

сағаттары. Аудандық ішкі істер бөлімінің кәмелеттік жасқа толмағандар істері жөніндегі инспекциясымен бірлесіп, мектеп оқушылары арасында құқықты бұзудың алдын алу және болдырмау жөніндегі құрама жоспары жасалып бекітілген. Оқу жылының басындағы педагогикалық кеңесте құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің құрамы бекітіліп, іс-шара жоспары жасалды. Әр айдың соңғы аптасында құқықтық кеңестің отырысында кезекті мәселелер қаралып отырды. Соңғы бір жылдық көрсеткіші бойынша мектебімізде сәтсіз (жайсыз) отбасынан шыққан 3 оқушы тіркеуден алынды. Аудандық ішкі істер бөлімінде тіркеуде тұрған оқушы жоқ. ЮПТБ УПИ қызметкерлерімен кездесулер өтті. Құқықтық тәрбие бағытын негізге ала отырып, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 9,10,11 сынып ұл-қыздары арасынан кең көлемде жиналыс өтті. Жиналыс барысында бопсалау, әлімжеттік фактісін анықтау бойынша алдын алу жұмыстары жүргізілді. Мектеп директорының қатысуымен мектебіміздің ұлдарымен үргізілетін жұмыстарға жауапты алғашқы әскери дайындық пән мұғалімі Толықбаев Данияр Дәулетұлы алдын алу жөнінде бірқатар заңдылықтармен таныстырды. 09-14.01 күндері аралығында «Менің құқығым-менің таңдауым! Атты құқық апталығы өткізілді. Апталықтың іс-шара жоспары құрылып, бекітілді. Бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. 10.01.2023 жыл 2-11 сынып жетекшілері оқушылармен «Құқықтық сана-қауымға пана» жобасы аясында «Менің міндеттерім мен құқықтарым» тақырыбында 9 «А», «Ә», «Б» тәрбие сағаттарын өткізді. Бұл тәрбие сағатында-балалардың құқықтық білімдерін жетілдіре отырып құқықтық білім әр адамның ісі екенін ұғындырып, әр тұлғаның ой –өрісін дамытып, сөздік қорын молайтып, балалардың бойына құқықтық, патриоттық, адамгершілік тәрбиені сіңіру негізгі ой болды. 11.01.23 күні құқық пәнінің мұғалімі Жұмабекова Анар Рақымжанқызы 9-10 сыныптармен «Сен өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелдің мақсаты-оқушыларға адам құқықтары мен міндеттері туралы түсінік беру, білімдерін толықтыру. Дөңгелек үстел барысында оқушыларға құқықтық тәрбие бере отырып, өз мүдделерін қорғай алатын, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға, яғни құқықтық нормалар және заңның талаптарына сәйкес өздерінің құқықтық білімін күнделікті өмірде қолдана алуына жағдай жасалды. 12.01.2023 күні мектеп психологтары Чокенова С.К мен Балқыбаева В.О ата-аналармен «Ата-ана көзімен тақырыбында түсіндірме жұмыстар мен тренинг өткізді. Ата-аналарға түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Содан соң тренинг барысында ата-аналарға қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, ата-ана тәрбиесінің әдіс тәсілдерін жетілдіре отырып, жағымды қарым-қатынас орнатты. 13.01.2023 жылы күні мектеп психологі С.К.Чокенова 5-11 сыныптар арасында «Бала құқығы-адам құқығы» тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнама 417 оқушы қатысты. 2023-2024 оқу жыл Қазақстанның білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылында біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізілді. Бала тәрбиесі –бүкіл қоғамның міндеті. Өскелең ұрпаққа ерекше көңіл бөліп, оларды игі істерге бағыттауымыз керек. Барлық оқу орындарында оқу –тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру, балалардың бойына адами құндылықтарды сіңіру, мектеппен отбасының өзара байланысын нығайту маңызды. Тиімді құралдарының біріне айналады,-деді Ғани Бейсембаев. Биылғы оқу жылында тәрбие процесін ұйымдастырудың негізгі басымдықтарды басшылыққа ала отырып, білім алушылардың бойына әдептілік, әділеттілік, жауапкершілік, еңбекқорлық,бірлік, ризашылық, адалдық, қамқорлық, қазақ тілін қастерлеу сынды қасиеттерді қалыптастыруға түрткі болып табылатын Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап құндылықтарын дарыту. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» басшылыққа ала отырып №1Жамбыл орта мектебінде тәрбие жұмысы бойынша жылдық жоспар жасалып, бекітілді. Ұлттық мүдде құндылығы. 2023 жылдың 1 қыркүйек күні «МЕКТЕБІМ-МЕЙІРІМ МЕКЕНІ» БІЛІМ КҮНІНІҢ салтанатты жиынының мектеп алаңында өткізілді. Мақсаты: Жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында білімнің басымдылығы мен маңыздылығын және жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру. 28.08. күні мектепішілік лездеме өтті. Лездемеде алдағы жаңа оқу жылының басты мерекесі «МЕКТЕБІМ-МЕЙІРІМ МЕКЕНІ» атты БІЛІМ КҮНІНІҢ іс – шаралар жоспары барша ұжымға таныстырылып, мектеп директоры тарапынан бекітілді. 9-11 аралығындағы Мектеп Парламенті «Өзін-өзі» басқару мен «Жас Ұлан» ұйымының бір топ белсенді мүшелігінен құралған ұлдары белсенді түрде

атсалысты. Алдағы Білім күніне орай, атқарған жұмыстары жайлы атап айтар болсақ. Олар: Сыртқы жұмыстар яғни мектептің білімге қатысты мектеп маңдайшаларына әдемі гүлдер мен қанатты сөздері ілінді. Мектеп алды саптық алаңына Білім күніне қатысты тақырыптар жазылып, әліппе макеті жасалды. Әріптер жазылған кубиктер құрастырылып, мектеп маңдайшасына көлемді қоңырау ілінді. Салтанатты іс-шараның басты сурет алаңы болып есептелетін тақтайшаға мерекелік банері тұрғызылды. Төбеге әр түсті флажоктар байланды. Айтарлықтай мектеп алды талапқа сай толықтай безендірілді. Бұл жұмыстар 9-11 аралығындағы Мектеп Парламенті «Өзін-өзі» басқару мен «Жас Ұлан» ұйымының бір топ белсенді мүшелігінен құралған ұлдары тарапынан толығымен атқарылып өтті. Білім күнінің салтанатты жиынға Балқаш аудандық кірістер басқармасының басшысы Кибираев Айбол Альмуханбетұлы, Бақбақты ауылдық округі әкімшілігінің бас маманы Жұмадилов Ғалымжан Есенқұлұлы, мектеп директоры Қамзина Бибігүл Мұхамәдиқызы, Құлтаева Білімкүл Диханбайқызы, мектеп әкімшілігі, ұстаздар, ата-аналар қатысты. Салтанатты жиынға қатысқандар: I ауысым, II ауысым бойынша 1-11 аралығындағы оқушылар саны-685; Ата-аналар саны-350; Ұстаздар саны-100; Жалпы саны-1235 адамды қамтыды. Салтанатты жиын барысында мектеп директорына АӘТД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы-Толықбаев Данияр Дәулетұлы баяндама жасады. Барша қонақтар алдында мектеп мақтанышына айналған Оқушылардың Мектеп Парламенті «Өзін-өзі басқару» ұйымының белсенді оқушылары Саят Анель мен Мұхтар Ердос Мемлекеттік туды көкке көтеріп, Қазақстан Республикасының Гимні орындалы. Ортаға алғаш рет мектеп табалдырығын аттағалы отырған 1 сынып оқушыларын шақырып, әдемі Әліппе салтанатты түрде қолдарына қошеметпен табыс етілді. Алғашқы құттықтау сөз кезегін мектеп директоры Қамзина Бибігүл Мұхамәдиқызына берілді. Салтанатты жиынға арнайы келген қонақтар Балқаш аудандық кірістер басқармасының басшысы Кибираев Айбол Альмуханбетұлы, Бақбақты ауылдық округі әкімшілігінің бас маманы Жұмадилов Ғалымжан Есенқұлұлы «Білім күніне» арналған құттықтау сөздерін сөйледі. Мұзыка пән мұғалімі Балабекова М.Т. жетекшілігімен арнайы дайындаған 1 сынып оқушылары «Білім күніне» арналған жыр шумақтарын оқып, Оқушылардың Мектеп Парламенті «Өзін-өзі басқару» ұйымының Мәдениет және өнер фракциясының белсенді оқушылары Сәрсенбек Нұрай мен Асқар Асылжан жанды дауыста тамаша әуен мен ән айтты. Сонымен қатар алғашқы қоңырау соғу сәті болып ел қуанышына бөленді. Салтанатты жиын кезінде келеңсіз жағдайлар орын алған жоқ. Салтанатты мерекелік жиын жоспарға сәйкес өткізілді. 1 қыркүйек - «Білім күніне» арналған мектепшілік салтанатты жиын соңынан 1 – 11 сынып оқушыларымен «Мектебim – мейірім мекені» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттарын өткізді. Сынып сағаттары аясында сынып жетекшілер оқушыларға білімге деген ұмтылыс, патриотизм және еңбекқорлық, сондай-ақ жаңа оқу жылында рухани құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту, достық қарым-қатынас, жауапкершілік пен бір-біріне деген құрметтің маңыздылығы туралы кеңестер берілді. Білім күні қарсаңында атқарылған бір қатар тәрбиелік жұмыстар, ата-аналар мен педагогтар арасында республикалық челледждер, мағыналы бейнероликтер мектеп Instagram, Facebook парақшаларына жүктелініп, арнайы Хэштекер арқылы жарияланды. Тұрақты оқырмандар мектеп жұмыстарына жақсы пікірлер қалыптастырып, қолдаулар көрсетті. Бірыңғай сынып сағаттарына жетекшілер жоспарына жоғарыдағы мақсаттар мен басты құндылықтарды, міндеттерді негізге ала отырып, тәрбиелік сағаттарын өз дәрежесінде өткізді. Әр адам өзінің тілін шыр етіп дүние есігін ашқаннан батап құлағына сіңіруі тиіс. Себебі тілін білген адамның ғана бойында патриоттық сезім қалыптасады. Олар елге, ұлтқа пайдалы мәселелерді қозғап, жауапкершілікті сезінеді. Өйткені мемлекеттік тіл елімізде аса маңызды да, ең өзекті мәселе. 05.09-08.09.2023 Тілдер мерекесіне арнап мектебімізде апталық мерекелік іс-шаралар өтуде. 05-қыркүйек күні метеп алаңында тіл мерекесіне арналған салтанатты лездеме болды. Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі және шет тілдер бірлестігінің ұйымдастыруымен «Тіл-әр ұлттың ең асыл қазынасы!» атты тақырыпта фойе алды безендірілді. Арнайы стенд дайындалып, үздіктерден құралған оқушылар сөз өнерін ортаға салды. Әдеби монтаждар өнерлі оқушылардың дәстүрлі күйлері орындалды. Салтанатты лездемеде бірлестік жетекшілері: Көсембаева Г.Н, Азимбаева А.А құттықтау сөз сөйлеп,

оқушыларды тіл мерекесіне белсене қатысуларын сұрады. Оқушылар ана тілі туралы өлеңдер оқып, ән орындады. 27.09.23ж Алматы облысының дін істер басқармасы М.М «Діни экстремизм құрбандары дескрутивті ағым ұстанушыларын оңалту орталығы» КММ-нің бөлім басшысы - Молдахметов Рүстем Әуелханұлы мен жастар ресурстық орталығының жетекшісі- Әбілхамиев Мейрам «Экстремизмге терроризмге қарсы іс-қимыл әрекеттеріне жол бермеу және алдын алу шаралары» атты тақырыбында мектеп оқушыларымен ауқымды кездесу өтті. Мектептердегі балалардың қауіпсіздігі басты назарда. Балалар үшін қауіпсіз орта құру басты міндет. Осыған орай Республика бойынша өткізіліп жатқан ТЖ кезіндегі іс –әрекеттерді пысықтау үшін 28.09.23 төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында оқу жаттығу іс-шаралары өткізілді. Оқушылар мен мектеп қызметкерлері эвакуация жоспарына сәйкес оқу ғимаратынан сыртқа шығарылды. Оқушылар мен мектеп қызметкерлеріне өрт, жер сілкінісі және т.б төтенше жағдайларға әрекет етуге дайын болу керектігі ескертілді. 2023 жылыдың 11 қазан күні Аудан орталығының Сеңгірбаев атындағы орта мектеп базасында «XXI ғасырдағы Ұлттық құндылықтар моделі» тақырыбында 5-6-7 сынып оқушылары арасында аудандық слет өтті. «Мирас» тобы белсене қатысқаны үшін марапатталды. 25 қазан Республика күні Елімізде ұлттық мереке ретінде биыл екінші жыл жер-жерде асқақтап аталып өтуде. Мақсаты: Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі –туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. Мектебімізде Республика күніне орай арнайы іс-шара жоспары құрылып, бір қатар жұмыстар атқарылуда. Соның бір дәлелі 4 «ә» сынып оқушыларының видео жолдауы болатын. Жетекшісі: Оматаева Жанар Нұршанқызы. Республика күніне арналған іс-шара жоспарына сәйкес жаппай мемлекеттің басты рәміздерінің бірі гимн ойнатылды. Яғни бұл күн Қазақстан Тәуелсіздік алуына жол салған Республика күні. Республика күнінде жүрегі қазақ деп соғатын әрбір Қазақстан азаматының кеудесін мақтаныш кернеп, еліне деген сүйіспеншілігі жүзінен байқалатын күн. Бүінгі өткен ауқымды жиында «Ұлы дала мұрагерлері» тақырыбында тәрбие сағаты өткізіліп, оқушыларға Республика күнінің маңыздылығы түсіндірілді. Желіге оқушылардың үздік деп танылған бейнеқұттықтаулары жарияланды. Республика күніне «Жаңа Қазақстан-таза табиғат» тазалық жұмыстары өтті. Қазан айының 26-шы жұлдызында 10-11 сынып оқушылары арасынан Біртұтас тәрбие бағдарламасын негізге ала отырып, үш құндылықтың бірі «Ұлттық мүдде» құндылығы қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу индикаторы бойынша отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл азамат тәрбиелеу мақсатында «Жас Сарбаз-2023» атты әскери патриоттық, спорттық сайыс өтті. Бұл әскери сайыс мектеп алғашқы әскери пән мұғалімі Толықбаев Данияр Дәулетұлы дене тәрбиесі бірлестігімен бірлесе отырып, 25 қазан Республика күніне тарту ретінде мектепшілік іс-шаралар жоспарына бекітілді. Жоғарғы сынып оқушыларынан құралған 6- команда жарыста әскери спорттың 6-түрінен сайысқа түсті. Оқушылардың арасындағы Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңес оқушылардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бірі. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасымен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңы негізінде атқарады. Құқықтық кеңес құрамы: 1. Б.М Қамзина –мектеп директоры- төрайымы 2. Ф.К Даукенова – тәрбие ісіжөніндегі орынбасары–мүшесі 3. Д.Д Толықбаев – алғашқы әскери пәнінің мұғалімі–мүшесі 4. С.К Чокенова- педагог психолог-мүшесі 5. Р.Т Найзабекова –әлеуметтік педагог-мүшесі 6. Ө.Н Октябрьов- тарих пәнінің мұғалімі-мүшесі 7. А.Р Жумабекова –құқық пәнінің мұғалімі-хатшы Мектепте түнгі кезекшілік кестесі шығарылған Кестеге сай мектеп мұғалімдерімен бірге ата-аналар, сынып жетекшілер біріккен түрде рейдке шығып, оқушылардың, ата-аналардың әлеуметтік жағдайымен және оқушылардың күн режимінің сақталуын қадағалап, ата-аналармен, оқушылармен түсінік жұмыстары жүргізілді. Қазан айыныда жүргізілген рейд құқықбұзушылықтың алдын алу, оқушыларымыздың түнгі мезгілде жалғыз жүрмеуі, бөгде адамдармен қарым-қатынаста болмауы, беймезгіл уақытта жүрмеуі қатаң бақыланып, оқушылардың ата-аналарына түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бұл іс-шаралық рейдтің мақсаты – жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын ала отырып, келешегі кемел ұрпақ тәрбиелеуге атсалысу. Орта адамды

қалыптастырады, ал ұрпақ тәрбиесінің жемісі бір күнде немесе бір жылда бермейтіні белгілі. Сондықтан жастар тәрбиесінде қоғамның ықпалы аса зор. Жеткіншектердің түнгі уақытта жалғыз өзі жүрмеуін ата-аналар қатаң қадағалауы тиіс. Мұндай шара жасөспірімдерді әртүрлі құқық бұзушылықтан сақтайтынын естен шығармаған жөн. Түнгі рейдтік іс-шарада ауылдың көшелері дүкендерге және бос жүрген жасөспірімдерге бақылау жүргізілді. Рейд жүргізу барысында ешқандай кәмелетке толмаған мектеп оқушылары анықталаған жоқ және тәртіп бұзушылық болған жоқ, келеңсіз жағдайлар орын алған. Талап құндылығы Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің білім беру ұйымдарында өткізілетін "Тоғыз айға 9 іс-шара" тұжырымдамасы негізінде мектепте қыркүйек айының 8 күні «Сергіту сәті» челленджи өткізілді. Мектебімізде дене тәрбиесі мұғалімдерінің жетекшілігімен күнделікті таңғы сағат 7:45-те Сергіту жаттығулары жасалды. Қимыл қозғалыс баланың кез-келген іс әрекетінің негізін құрайды. Баланың белсенді қимыл қозғалысына шектеу қою өсіп келе жатқан организмнің биологиялық қажеттіліктерін қамтамасыз етуіне кері әсерін тигізеді. Сенсорлық дамуына кедергі жасайды. Физикалық жаттығулар дене тәрбиесінің негізі болып табылады. Таңертеңгі жаттығу денсаулықты нығайтуға, организмді жетілдіру мен шынықтыруға, жұмыс қабілетін арттыруға жақсы әсер етеді. Оның аса маңызды міндеттерінің бірі тұлға мен табанның бұзылуына жол бермеу болып табылады.

20.09.2023 жылы мектеп оқушылары арасында жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын лиганың салтанатты ашылуы болып өтті. Бұл лиганың мақсаты-оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттаумен қатар патриоттыққа тәрбиелеп, республикалық жарысқа қатысатын метеп командасын анықтау. «Ұлттық мектеп лигасы» жас ерекшеліктеріне қарай спорттың 10 түрі бойынша (баскетбол, вoleyбол, гандбол, футбол, футзал, асық ату, бес асық, үстел тенісі, тоғызқұмалақ) Мектепшілік лиганың ашылуына 5-11 сынып оқушылары қатысты. Мектеп директоры Қамзина Бибігүл Мұхамәдиқызы сөз сөйлеп, дене тәрбиесі бірлестігінен ардагер ұстаз Момынқұлова Болат Байшымырұлы кешенді лиганың жұмыс барысымен таныстырды. Іс-шара барысында ән шырқалып, оқушылардың алдағы жарыстарына сәттілік тіледі. Ар-ұят құндылығы. 08 қыркүйек оқушылар арасындағы қауымдастықтың көңілінен шыққан «Армысың, алтын ұя мектебім!» 11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен биылғы жоғарғы ауысымға аяқ басқан 9-сынып оқушыларын қошеметпен салтанатты түрде қарсы алды. Сөз оқушылар қауымдастығының бір топ белсенді мүшелеріне берілді. Өздерінен кішілерге ерекше құрметпен қарап, алда тұрған бірескен жұмыстар жайлы айтып, ауызбіршілікке шақырды. Қыркүйек айының 11-15 аралығын қамтығын Отбасы күніне орай өткізіліп отырған іс-шаралар жоспарын негізге ала отырып, «Менің отбасым» тақырыбында бастауыш 2-4 сынып оқушылары арасынан сурет салу жұмысы да өз нәтижесін көрсетті. Желіге жарияланған оқушы жұмыстары 2 «б» сынып оқушыларының еңбектері болатын. Жетекшісі Көпбосынова Шолпан. Отбасы күніне 9 «ә» сынып жетекшісі Кенжеева Камила ата-аналар жиналысын өткізді. 1 қазан Қарттар күніне орай «Ардагерлерді ардақтайық» акциясы өтті. Акция аясында ардагер ұстаздарға құрмет көрсетілді. Соның бірі 8 «б» сынып жетекшісі Рғайбай Ақбота ұлағатты ұстаз Мұхатова Жұмакүл Зауытбекқызын мектеп ұстаздары атынан мерейлі мерекесімен құттықтап, білім саласының дамуына қосқан айрықша үлесі үшін алғысын білдірді. Тұрмыстық жағдайына қолғабыс етіп, бір құшақ гүл тарту етті. Ұстаз-ұлы тұлға, ұлағатты есім. Халқымызда Ұрпақ болашағы – ұстаздардың қолында деген тағылымы мол сөз бар. Яғни жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беретін мұғалімдер мектептің жаны, руханияттың шамшырағы, білім мен ғылымның жанашыры. Сізді мектеп ұстаздары атынан шын жүректен құттықтаймын және деніңізге саулық, шаңырағыңызға шаттық тілеймін, - деді жас болсада ісе бекем Ақбота құттықтау сөзінде. Кәсіби мереке аясында ұйымдастырылған акция барысында ардагер ұстаз сөз алып, құрмет көрсеткен оқушыларға, мектеп әкімшілігіне, білім саласының басшылығына ризашылықтарын білдірді. №1 Жамбыл атындағы орта мектебінің 11 сынып оқушылары Ұстаздар мерекесіне орай 5 қазан күні оқушыларды жалпы адамзаттық құндылыққа бағыттайтын өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні» ұйымдастырылып отыр, аталған мақсатты жүзеге асыруда мектеп оқушылары ерекше

қызығушылық танытып, белсенді ат салысты. Ұстаз-жас ұрпақтың рухани сәулеткері, халық өзінің үміті мол болашағын тапсыратын сенімді өкілі. Олар сол сенімді ақтай отырып, зерделі де зерек, парасатты, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаларды тәрбиелейді. Мектеп медбикесінің жұмысын зерделеу. Жалпыға ортақ орта білім беру жағдайында жоғары білімді, физикалық тұрғыдан мықты және сау адамдарды тәрбиелеу – мектептің маңызды міндеттерінің бірі. Бұл мәселелерді шешуде медицина қызметкерлері үлкен рөл атқарады. Мектептің медбикесі- Қасейнова Данеш Мухамедяровна. Білімі-арнаулы орта. Жалпы жұмыс өтілі- 23 жыл. Осы мекемедегі жұмыс өтілі- 18 жыл. Санаты- жоғары. Оқу жылына арнайы құрылған жоспары бар. Медбикенің жұмыстары осы жоспарға сай жүргізіледі. Мектептегі медбике емдеу-профилактикалық шараларын, мектептегі медициналық тексеруді ұйымдастырады. Мектептегі мейірбике жұмысының мақсаты: тұлғаның денсаулығын сақтауға, тәрбиелеу мен дамытуға ықпал етуші жайлы білім беру ортасын құру болып табылады. Міндеті – оқушылардың өмірі мен денсаулығына төнген қауіптің алдын алуға көмектесуші мінез-құлық түрлерін қалыптастыру. Мектепте жүргізілетін жұмыс көлемі келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: • оқу жылының басында мектептің санитариялық-жай-күйін тексерістен өткізу және мектептің оқушыларды қабылдауға дайын екендігін анықтау; • медкабинетті дайындау, оны қажетті құрал-саймандармен қамтамасыз ету; • қажетті медициналық құжаттаманы дайындау; • тамақтану бойынша құжаттаманы жүргізу; • білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар, бұйрықтар, нұсқаулықтар дестесін дайындау немесе толықтыру; • санитариялық-ағартушылық жұмыс бойынша нұсқамалы-әдістемелік материалдар салынған дестені дайындау: білім алушылардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша диктанттардың, дәрістер мен әңгімелесулердің үлгі тесттері; ғылыми-көпшілік және медициналық фильмдер тізімі; • білім алушылардың денсаулығын сақтаудың әртүрлі мәселелері бойынша баспа материалдарының жинақтары, парақшалар, жаднамалар, жүгінулер, буклеттер; • көрнекілік материалдарының жинақтары, көрмелер, плакаттар, санбюллетеньдер; • бір жылға арналған жұмыс жоспарын құрастыру, оны емхананың бас дәрігерінде бекіту және мектеп директорымен келісу. Мектептің медициналық кабинеті «Жалпы білім беретін мектептің гигиеналық талаптарына» сай. Медициналық кабинет бірінші қабатта орналасқан. Кабинетте күн сайын тазалық жұмыстары жүргізіліп отырады. Медициналық кабинет медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Медициналық кабинеттің жұмыс тәртібі - 5 жұмыс күні. Оқушыларды үнемі тексерістен өткізіп отыру олардың денсаулығын сақтау және оқу жылы барысында сырқаттану жағдайларын азайту үшін керек. Тексеру кезінде оқушылардың бойын өлшейді, есту, көру, сөйлеу қабілеттерін тексереді. Балаларға алдын ала егу жайлы ақпарат береді, қалай дұрыс тамақтану және саламатты өмір салтын жүргізу жайлы айтып береді. Биылғы оқу жылында тәрбие процесін ұйымдастырудың негізгі басымдықтарды басшылыққа ала отырып, білім алушылардың бойына әдептілік, әділеттілік, жауапкершілік, еңбекқорлық, бірлік, ризашылық, адалдық, қамқорлық, жан мен тән тазалығын сақтай отырып, қазақ тілін қастерлеу сынды қасиеттерді қалыптастыруға түрткі болып табылатын Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап құндылықтарын дарыту. Осы үш құндылықтың 8 индикаторы болады. Соның бірі «ТАЛАП» салауатты өмір салтын ұстану. Алматы облыстық ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтың дәрігері эпидемиологтары АИТВ/ЖИТС негізгі мәліметтер, терминология, тарихы, жұқтыру жолдары мен факторларын алдын алу шаралары тақырыбында 7-11 сынып оқушыларымен (94 оқушы) семинар өткізді. Бейнероликтер көрсетіліп, оқушылардың сұрақтарына жауаптар беріп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Құқық бұзушылықтың алдын алу. Жасөспірімдер арасында тәртіп бұзушылық пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ИДН қызыметкерлерімен кездесу өткізілді. 2021-2022 оқу жылы. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ИДН қызыметкерлерімен кездесулер өткізіліп тұрады. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша атқарылған іс-шаралар: 1. ИДН қызыметкерлерімен кездесу – 4, қатысқан бала саны – 486; 2. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы бойынша отырыс – 3, қатысқан бала саны- 325; 3. Зорлық-зомбылықты анықтау және бопсалау бойынша сауалнама – 4, қатысқан бала саны –

